

2026



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"РУДНЫЙ ҚАЛАСЫ БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ" №15
БАЛАБАҚШАСЫ" КМҚК

Мырхиева Эльфира Сермаханбетовна

ОРТА ТОП “БАЛАПАН” ТОБЫ

ҰІӘ: “Дене тәрбиесі” (орта топ)

Бұл ұіә балалар тәрбиешінің нұсқауымен ұйымдасқан түрде сапқа тұрып, бір-бірінің артынан жүруді және алаңда еркін қозғала білуді үйренеді. Жүру мен жүгірудің әртүрлі түрлерін орындайды, белгі бойынша тоқтауға дағдыланады.







Бұл ұйымдастырылған іс әрекетте балалар түрлі көркемдік әрекеттер арқылы өз шығармашылық қабілеттерін дамытады. Сурет салу барысында қарындаштар мен бояуларды дұрыс қолдануды, сызықтар мен пішіндерді бейнелеуді үйренеді.

Жапсыру кезінде қағазды бүктеу, қию, желімдеу тәсілдерін меңгеріп, ұқыпты жұмыс істеуге дағдыланады.

ҰІӘ: "СУРЕТ
САЛУ, ЖАПСЫРУ, МҮСІНДЕУ
ҚҰРАСТЫРУ"

Құрастыру әрекетінде түрлі
құрылыс материалдары мен
бөлшектерді пайдаланып,
қарапайым заттар мен
құрылыстарды құрастырады. Сабақ
барысында балалардың қиялы,
эстетикалық талғамы, ұқыптылығы
және өз бетімен жұмыс істеу
дағдылары қалыптасады.



Қимылдық ойын барысында балалар тәрбиешінің нұсқауын тыңдап, ойын шартын сақтай отырып қозғалады. Ойын кезінде жүгіру, секіру, еңбектеу сияқты қимылдарды орындайды.

Балалар белгі бойынша әрекет етуге, шапшаңдық пен ептілікті дамытуға үйренеді. Қимылдық ойындар арқылы олардың қимыл үйлесімділігі, зейіні мен төзімділігі артады.



Іс-шара барысында балалар
Қазақстан Республикасының
Тәуелсіздік күні туралы
қарапайым түсінік алады. Отан,
туған жер, Қазақстан туралы
тақпақтар оқып, әндер айтады.

“16 ЖЕЛТОҚСАН” (ТӘУЕЛСІЗДІК
КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРА)





Балалар мемлекеттік
рәміздермен (Ту, Елтаңба)
танысып, олардың маңызын
түсінеді. Қимылды және
музыкалық ойындарға қатысып,
би қимылдарын орындайды.

“16 ЖЕЛТОҚСАН” (ТӘУЕЛСІЗДІК
КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРА)

Іс-шара отансүйгіштік қалыптастырып, туған елге деген мақтаныш сезімін арттырады. Сонымен қатар балаларды бірлікке, достыққа және тәртіп сақтауға тәрбиелейді.

“16 ЖЕЛТОҚСАН” (ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРА)





“ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ” ТАҢЕРТЕҢГІЛІК

Таңертеңгілік барысында балалар Жаңа жыл мерекесіне арналған әндер айтып, тақпақтар оқиды. Би қимылдарын орындап, түрлі музыкалық-қимылды ойындарға қатысады.



Балалар Аяз ата мен Ақшақарды қарсы алып, олармен бірге ойын ойнайды, тапсырмалар орындайды. Мерекелік көңіл күй қалыптасып, балалардың шығармашылық қабілеттері, сахнада өзін еркін ұстау дағдылары дамиды.

“ЖАҢА ЖЫЛ”
ТАҢЕРТЕҢГІЛІГІ